

5. Болдырев Н.Н. Когнитивный подход к изучению глагола и глагольных категорий // Традиционные проблемы языкознания в свете новых парадигм знания. - М.: Ин-т языкознания РАН, 2000. - С. 16-35.

6. Ильинова Е.Ю. Реклама как объект лингвистики. [Http://www.lingva.voslu.ru/ilinova/science/htm](http://www.lingva.voslu.ru/ilinova/science/htm).

7. Попова З.Д., Стернин И.А. Очерки по когнитивной лингвистике. - Воронеж, 2001, 191 с.

Түйіндеме

Берілген мақалада жарнама пікірталасында танымдық аспекті мәселесі қарастырылады. Жарнама мәтінінің болашақ тұтынушыға жасайтын ықпалының когнитивті механизмдері анықталған. Сондай-ақ жарнама пікірталасының танымдық сценарийінің нұбайы да құрастырылған.

Resume

The article is devoted to the cognitive aspect of the advertising discourse. The cognitive mechanisms of advertising text's influence on a potential consumer have been revealed in the article. The cognitive script of the advertising discourse has been built as well.

ӘОЖ 81,1

ПРЕЦЕДЕНТТІК ЕСІМДЕР

А.И. Құрманова

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Бүгінгі таңда әр түрлі мемлекеттердің, халықтардың, мәдениеттердің өзара байланыстарының және өзара тәуелділіктерінің ұлғаю жолында адамзат дамып келе жатқаны бәріне мәлім. Бұл жағдай мәдениеттердің әр түрлі болуының және олардың ұқсастығының төлдігі туралы мәселені маңызды деп белгілейді.

Төл мәдениетті сақтау үрдісі және басқа мәдениеттің енуі адамзаттың дамуының жалпы заңдылығын растайды.

Ұлт тарихындағы маңызды оқиғалар тілдің құжаттық, мәдени танымдық қызметінің негізінде фразеологиялық, паремиологиялық жүйеде, көне мәтіндерде тарихи есімдер арқылы таңбаланып, халық жадында сақталады.

Қазіргі кезде орыс зерттеушілері Д.Б. Гудков, И.В. Захаренко, Ю.Н. Караулов, В.Г. Костомаров, В.В. Красных, Ю.Е. Прохоров,

Ю.А. Сорокин және т.б. тілдік құралдардың қолдануының үрдісін анықтау мақсатында, олардың күнделікті тілдесуде жасайтын қызметінің қазіргі орыс қоғамының тілдік өмірінде атқаратын ролін жүйелі түрде бақылайды. Зерттеушілер орыс когнитивтік базасындағы прецеденттік феномендерді концептуалды түрде көруге, прецеденттік феномендердің критерилерін анықтауға күш салады.

Қазақстандық лингвистикада прецеденттік есімдер арнайы қарастырыл-маған, бірақ ғалымдар Т.Д. Жанұзақов, Т. Қоңыров, Е.А. Керімбаев, Г.Б. Мадиева, Г.А. Қажығалиева, Г.К. Ихсанғалиева, С.К. Иманбердиева, Ф.М. Әшімханова өздерінің зерттеу жұмыстарында бұл мәселеге өте жақын келді.

Мысалы, Г.А. Қажығалиева көркем мәтіндерге лигвомәдени талдау жасаған кезде, Г.К. Ихсанғалиева газет пен телехабар атауларын зерттеген кезде, С.К. Иманбердиева менсонимдерді талдау барысында, Ф.М. Әшімханова қазақ тіліндегі антропонимдерге талдау жасаған кезде кейбір прецеденттік мәтіндерге, есімдерге назар аударған. Ал Т.Д. Жанұзақов жалқы есімнің жалпы есімге айналу мәселесін қарастыра отыра, көркем шығармаларындағы кейіпкерлердің есімдері жинақтама, типтік бейнені білдіруде маңызды роль атқаратының айтады [2, 28б.]. Қазақ әдебиетіндегі көптеген жағымды, жағымсыз кейіпкерлердің есімдері коммуниканттардың қарапайым тілдесуінде жиі қолданыс табады. Ономаст-ғалымдар жалқы және жалпы есім арасында болатын ауысу заңдылығын тілге тән құбылыс ретінде зерттеп, оны онимизация және деонимизация тәсілі негізінде қалыптасқан деп қарастырады (Т.Д. Жанұзақов, соңғы кезде арнайы зерттеу жүргізген А.Е. Бижкенова, Б.А. Кошимова). Т. Жанұзақов, Қ. Рысбергенов көркем әдебиеттегі басты кейіпкерлердің жалқы есімдерінің жалпы мағынаға ие болуын тілдің танымдық қызметімен байланыстырады. Мысалы, Қарабай, Қарынбай, Шығайбай (сараң), Мырқымбай (кім болса сол), Қожанасыр (қу, тапқыр), Жантық (араға от салушы, арандатушы) тағы басқаларды мәдени таңба ретінде прецеденттік ұғым беретін атаулар деп қарастырады.

Қазақ тілінің сөздік құрамындағы ғажайып сырлы атаулардың бір саласы фольклор кейіпкерлерінің есімі. Халықтың ауыз әдебиетіндегі ертегі, аңыз, өлең, жыр үлгісіндегі көптеген кейіпкерлердің есімі беріледі. Олар Қожанасыр, Алдар көсе, Ер Төстік, Балуан шолақ, Ходжа Насредин, Қанбақ шал, Алпамыс батыр, Қыз Жібек пен Төлеген, Қозы Көрпеш-Баян сұлу т.б. Бұл есімдер кейіпкерлердің мінез-құлықтарын, образдарын көрсетеді. Мысалы Қожанасыр десек, осы есімді кісі аңыздағыдай аңқау, аққөңіл. Сонымен аңқау, сенгіш адамдарды кейде Қожанасыр деп те атайды. Ал қу, айлакер адамды Алдар көсеге теңейді. Қазақ халқында

махабат символы деп Қыз Жібек пен Төлеген немесе Қозы Көрпеш-Баян сұлу осы ғашықтардың есімдерімен байланысты айтады.

Бұл есімдер мәдени стереотипке, мәдени символға айналған.

Ерекше ұлттық мазмұндық сипаттағы, мәдени ақпараттық мәні басым бұл атаулар тіл білімінде прецедентті деп анықталып, тіл мен мәдениет сабақтастығында қарастырылады.

Прецедентті есімдер адамзаттың когнитивтік кеңістігін құрайтын әмбебап прецедентті есімдерге (Отелло, Гамлет, Александр Македонский, Наполеон, Цезарь, Сталин, Гитлер) және нақты бір ұлттық когнитивтік базаға кіретін тек ұлттық прецедентті есімдер деп бөлінеді (қаз. Шығайбай, орыс. Плюшкин, ағыл. Калиган, татар. Саран – бұл есімдер сараңдықтың, ашкөздіктің символы; қаз. Судырахмет, орыс. Обломов – жалқаулықтың, бос сөйлеудің белгісі; қаз. Мырқымбай, орыс. Иван – аңқаулықтың, ашық ауыздықтың белгісі)

Өзге ұлттардың санасында Иван есімі орыс халқының өкілі ретінде қалыптасқан, Ганс – неміс халқының өкілі, Джон – американдық өкілі, Мамед – азербайжан халқының өкілі, Шахруз – персия халқының өкілі, Пак – корей халқының өкілі, Лю – қытай халқының өкілі, Аладдин – араб халқының өкілі, Индира – индус өкілі және т.б.

Прецеденттік есім – прецеденттік жағдаймен не кең танымал мәтінмен байланысты жеке есім (мысалы, қазақ әдебиетінде Асан қайғы, Абай, Ұлпан, Еламан, Ақбала; орыс әдебиетінде Онегин, Анна Каренина, Остап Бендер, Киса, Шарапов; ағылшын әдебиетінде Отелло, Гамлет, Ромео и Джульетта; саясатта Индира Ганди, Билл Клинтон, М.Горбачев; музыка өнерінде Сара Тыныштықұлова – қазақтың Эдит Пиафы (26.05.2002 “Имя” телехабары), Бибигүл Төлегенова – қазақтың бұлбұлы; шетел өкілдері Карузо, Робертино Лорретти, Эдит Пиаф, Элвис Пресли, Майкл Джексон); бұл күрделі белгі, оны қолданған кезде коммуникацияда өз денотатына (референтіне) емес, сол прецеденттік есімнің дифференциалды нышандарының жиынтығына шағым жасалады; бір (мысалы, Ломоносов, Эль Фараби) не бірнеше элементтен тұрады (мысалы, Куликово поле, «Летучий голландец»), бірақ бір ұғымды білдіреді.

Прецеденттік есімдерде белгілі бір құрылым бар, ПЕ қабылдау инвариантының өзегін дифференциалды нышандар құрайды, ал оның шетаймағын (перифериясын) – атрибуттар [3, 976.].

Дифференциалды нышандар белгіленген сипаттардың күрделі жүйесін құрайды, яғни бір затты оған ұқсас заттардан айыратын. ПЕ дифференциалды нышандарының жүйесі белгіленген көп деңгейлі құрылымнан тұрады.

Осы жағдайды Ю.Д.Апресянның «лексическое или грамматическое значение – это не простая совокупность признаков, а сложно организованная структура смыслов, у которой есть свой внутренний синтаксис» идеясымен салыстырып көрейік.

ПЕ дифференциалды нышандары заттың келесі сипаттамасын енгізеді: 1) сыртқы келбеті бойынша; 2) мінез ерекшеліктері бойынша; 3) прецеденттік жағдай арқылы маңыздануы.

Бірінші нұсқа бойынша мысал келтірейік – сыртқы келбеті бойынша. Біреуді Кощей Бессмертный деп айтса, онда автор сол адамды ертегі кейіпкерімен сырт келбетінің ұқсас екендігін білдіреді: денесі өте арық, жұтан немесе Сұлушаш, Қыз Жібек деген ПЕ қолданса, автор ұзын шашты сұлу қызды айтады.

Екінші нұсқаның мысалдары – мінез ерекшеліктері бойынша. Біреуді Аяз би деп айтса, онда автор бұл адамның әділдігін және адалдығын айтқысы келеді. Немесе Коробочка персонажы («Мертвые Души» поэмасы, Н.В. Гоголь). Біреуді Коробочка десе, автор ұсақшыл, дүниеқор адамды түспалдайды.

Үшінші нұсқа – прецеденттік жағдаят арқылы ПЕ маңыздануы. Мысалы, 1995–1996 жж. «Европа» компаниясының жарнамасы *Петр I* мүсінімен сүйемелденген, ал адамдар санасында «окно в Европу» ассоциациясы туындаған. *Атрибут* дегеніміз ПЕ тығыз байланысты шағын элемент: Ленинның кепеші, Наполонның қысқа бойы, Қыз Жібектің ұзын шашы, Пушкинның бакенбардасы, Сталинның трубкасы, Гитлердің мұрты, Шерлок Холмстың скрипкасы, Горбачевтың қарғаға ұқсас бас белгісі т.с.с. Атрибут ретінде денотатқа (референтке) жататын киімнің не сырт келбеттің және сол бойынша «танылатын» кейбір бөлшектері алынады.

Осындай «теңесу» атрибут бойынша номинация деп аталады, сол арқылы коммуникацияда прецеденттік есімдерге шағым жасалады. Бұл тәсіл арқылы көптеген анекдоттар, карикатуралар жасалған және кинематографияда кең қолданыс тапқан.

Енді қазақ, орыс, ағылшын және басқа ұлттар лингвомәдениетіндегі прецеденттік есімдердің ұқсастығы мен айрмашылығына тоқталайық.

Қазақ әдебиетінде бет әлпеті сүйкімсіз, мінез-құлқы өте нашар адамды Жалмауыз Кемпір, Мыстан деп айтады, яғни жағымсыз персонаж ретінде біз оны қабылдаймыз. Қап, мына мыстан дымымызды құртты-ау! Айтқан соң айта түспей ме ақыры (Ж. Шаштайұлы. «Жала мен нала»).

Орыс әдебиетіндегі Баба Яга мен ағылшын тіліндегі Witch (Ведьма), көне грек тіліндегі Медуза Горгона, татар әдебиетінде Убыр, кумық әдебиетінде Қарт-Энем, ұйғыр әдебиетінде Ялмауз осы сипаттамаға жақын. Енді оларды дифференциалды нышан бойынша салыстырсақ, сыртқы келбеттері, мінездерінің ерекшеліктері бойынша және прецеденттік жағдай арқылы маңыздануы осы прецеденттік есімдердің ұқсастығын көрсетеді.

Қазақ әдебиетіндегі Қыз Жібек пен Төлеген, ағылшын әдебиетіндегі Romeo and Juliet, орыс әдебиетіндегі Онегин мен Татьяна біздің санамызда таза, шынайы, бірақ бақытсыз, баянсыз махаббатың кейіпкерлері ретінде

қалыптасқан. Ал егер біз оларды тек прецеденттік жағдай арқылы маңыздалуын алсақ, яғни екі ғашық ретінде, онда бұл прецеденттік есімдерге сілтеме жасауымызға болады.

Граф Соколов, Sherlock Holms, Pinkerton, Pickwick және тағы басқа персонаждар бір когнитивті базаның өкілдері, олар тек прецеденттік жағдайлар арқылы ұқсайды, себебі тыңшылар. Ал қазақ лингвомәдениетінде осыларға ұқсас персонаждар жоқ, себебі қазақтың менталитетінде біреудің артынан ізші жіберу деген болмаған.

Евгений Онегин, Базаров, Инсаров, Child-Harold. Егер осы прецедент есімдерін прецедент жағдайлар арқылы қарастырсақ, онда оларды тек жақсы өмірге құшырланған, жекешіл, енжар (бездеятельность), ортадан қол үзген адамдар ретінде қабылдаймыз. Ал қазақ лингвомәдениетінде осындай прецеденттік есімдер кездеспейді, өйткені социумдік-прецеденттік және ұлттық-прецеденттік феномендерде осындай персонаждар жоқ.

Қазақ әдебиетіндегі Қыз Жібек, Қарашаш, орыс әдебиетіндегі Варвара краса, длинная коса, ағылшын әдебиетіндегі Рампунцель, чех әдебиетінде Златовласка (қазақтарда Алтыншаш), грек әдебиетінде Анфуса атты прецеденттік есімдердің негізгі атрибуты – ұзын шаш, яғни егер қызды осы аттардың біреуімен атаса, онда сол қыздың шашы ұзын болғаны. Осы прецеденттік есімдер дифференциалды нышандар бойынша ұқсас келеді.

Орыс, ағылшын, мали, гагауз, словак әдебиеттерінде Злая мачеха деген прецеденттік есім бар («Морозко», «Прекрасная Фаримата», «Рампунцель», «Чимана и Манчу»), ал қазақ мәдениетінде ондай персонаж жоқ, себебі жетім қалған баланы сол отбасындағы тұған-туысқандар асырап алған. Бірінші әйелдерінен (бөйбішеден) қалған балаларды соңғы әйелдері (тоқалдар) немесе әпкелері асырап, өз балаларынан кем көрмеген. Сондықтан болар, қазақ мәдениетінде мұндай жағымсыз кейіпкер болмаған.

Жұман («Бақытсыз Жамал» М. Дулатов), Митрофан («Недоросль» Д.И. Фонвизин) прецеденттік есімдермен біреуді айтса, онда ол адам жалқау, оқуға қабілетсіз, бай ата-ананың баласы ретінде сипатталады. Бұл прецеденттік есімдердің, мінез-құлық ерекшелігі бойынша, дифференциалды нышаны ұқсас келеді.

Ал келесі прецеденттік есімдер – ағылшын әдебиетінде Мистер Роджер, Калиган, орыс әдебиетінде – Плошкин, Коробочка, қазақ әдебиетінде - Қарабай, Шық бермес Шығайбай, татар әдебиетінде - Саран құмарлықтың, сараңдықтың белгілері. Бұл прецеденттік есімдер дифференциалды нышанның екінші нұсқасы бойынша ұқсас келеді.

Тұрар Рысқұлов, Admiral Nelson және ұшқыш Мересев – халық қаһармандары, отан үшін ерлік жасаған. Бұл прецеденттік есімдер дифференциалды нышанның үшінші нұсқасы бойынша, яғни жағдаят арқылы маңыздануы, ұқсас келеді.

Қазақ тілінде Қожа Насыр, ағылшын тілінде Joker, ал орыс тілінде Иванушка Дурачок, испан тілінде Педро атты есімдер көңілді, бірақ сенімсіз, байыпсыз адамды білдіреді, яғни бұл прецеденттік есімдер дифференциалды нышанның екінші нұсқасы бойынша, яғни мінез ерекшеліктері бойынша ұқсас келеді.

Қазақ әдебиетінде Асан Қайғы деген адам өктемдікке қарсылықтың символы, елге жайлы қоныс іздеген, елдің қамын ойлаған өнегелі мемлекет қайраткері. Осындай персонаж орыс әдебиетінде Печорин («Герой нашего времени»), ағылшын әдебиетінде Шекспирдің Гамлеті. Бұл есімдер де дифференциалды нышанның екінші нұсқасы бойынша ұқсас келеді.

Қажымұқан, Балуан Шолақ, Шварцнегер, Рембо, Илья Муромец – бұл есімдер қара күші мол, палуан адамдарды бейнелейді. Бұл прецеденттік есімдер дифференциалды нышанның бірінші нұсқасы бойынша ұқсас келеді (сыртқы келбеті бойынша).

Ал келесі прецеденттік есімдер – қазақ әдебиетінде Ер Тарғын, ағылшын әдебиетінде Лонселот, орыс әдебиетінде Добрыня Никитич, ингуш әдебиетінде Джантелыг, кабардин әдебиетінде Қарабатыр, ноғай әдебиетінде Болат ұлы Батырбек, нанай әдебиетінде Мэргэн ержүректі, батыл, қайсар адамдарға тән келеді. Бұл прецеденттік есімдер дифференциалды нышанның екінші нұсқасы бойынша, яғни мінез ерекшеліктері бойынша ұқсас келеді.

Қазақ әдебиетінде Алдар көсе, қырғыз әдебиетінде Апенді, француз әдебиетінде Тартюф (өтірікші, ескі француз тілінде truffe – жалған, алданыс), орыс әдебиетінде Остап Бәндер, венгр әдебиетінде Петералдамшы, қу, қуақы адам бейнесін суреттеу үшін қолданылады.

Ал кейбір прецеденттік есімдер басқа лингвомәдениеттерде кездеспейді, себебі менталитеттері бөлек. Мысалы: Pinkerton, Sherlock Holms, Miss Marple, Cleopatra, граф Соколов, граф Алессандро Калиостро (итальяндық авантюрист). Ағылшын лингвомәдениетіндегі Cinderella, орыс, словак лингвомәдениетіндегі Золушка атты прецеденттік есімдер қазақ лингвомәдениетінде кездеспейді.

Жапы байқағанымыз, әр түрлі лингвомәдениеттерде тек өз еліне ғана емес, бүкіл әлемге әйгілі, атақты, өз елінің мәдениетін көрсететін адамдар өте көп. Олардың есімдерін прецедент есімдері ретінде қолдана бастады: әдебиетте Абай, Пушкин, Чарльз Диккенс, Дюма, Бальзак, Шекспир, Лопе де Вега; саясатта Индира Ганди, леди Диана, Саддам Хусейн, мать Тереза, М.Горбачев, Н.Назарбаев; кинода Амиабх Баччаң, Шварцнегер, Асанали Әшімов, Талғат Нигматуллин, Меруерт Утекешова, Сергей Безруков, Никита Михалков; өнерде Алла Пугачева, София Ротару, Филипп Киркоров, Бибигүл Төлегенова, Роза (Бағланова, Рымбаева), Майра (Шамсутдинова, Мұхамедқызы) т.б. Бұл прецеденттік есімдер дифференциалды нышанның үшінші нұсқасы бойынша ұқсас келеді (прецеденттік жағдаят арқылы ПЕ маңыздану).

Тіл арқылы мәдениетті тану қызметіне байланысты ғалым ономаст Г.Мәдиева бұл атаулардың мәнін төмендегідей бағалайды: «К ядерным элементам национальной когнитивной базы относятся прецедентные имена, которым принадлежит одна из ведущих ролей в накоплении и передаче культурной информации, понимании определенной ситуации и целого комплекса ассоциации, которые возникают при актуализации прецедентного имени в речи» [1, 56б.]. Зерттеушінің бұл ойы ұлттық лингвомәдени қауымдастық мүшелерінің барлығына немесе басым көпшілігіне таныс тұлғалар есімдері жеке прецеденттік мәртебеге ие екендігін растай түседі.

Прецеденттік есімдер бір объектіге назар аудару үшін қолданылады. Олар когнитивті түрде белсенді болып келеді. Прецеденттік есімдер бір ұлттық –лингвомәдениетті қоғамдастықтың өкілдеріне жақсы танымал және тілдесу барысында осы есімдерге жиі сілтеме жасалады.

Прецеденттік есімдер халықтың ұшқыр ойы мен даналығынан туған бай ауыз әдебиеті мен шежіре тарихынан алынған фольклорлық мәтіндерде тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, наным-сенімге қарай бірнеше топқа бөлініп қарастырылады. Мысалы, мифтік бейнелер: Әзірет әли, Қанбақ шал, Қыдыр ата, Жалмауыз кемпір, Алтыншаш (қазақ ертегілері); Коцей Бессмертный, Баба Яга, Хаврошечка, Василиса Премудрая, Злая мачеха, Финист- ясный сокол (орыс ертегілері); Джек-покоритель великанов, Блендербор, Калингац, Краснозубый Аин (ағылшын ертегілері), Персей, Медуза Горгона, Андромеда, Манолис, Анфуса, Орфей (грек халық ертегілері), Златовласка, Иржик (чех ертегілері) т.б.

Ел аузындағы есімдер: Асан қайғы, Аяз би, Қорқыт, Қобыланды, Толағай; Онегин, Печорин, Илья Муромец, Добрыня Никитич; Шварцнегер, Гамлет, Гарри Поттер, Эсмеральда, Рембо;

Қасиетті пірлер мен әулиелер: Бибі Фатима, Қожа Ахмет Иассауи, Ұмай ана, Домалақ ана; Христос, Моисей, Апостол Павел, Мария Магдалена, Николай Чудотворец, Святая Матрена, Ксения Петербургская.

Тарихта болған тұлғалар: Абылай хан, Қасымхан, Есет батыр; Кутузов, Ушаков, Петр I; Наполжон, Черчилль, Сталин;

Әдеби мәтіндердегі персонаждар: Тазша бала, Дайрабай, Мырқымбай (Б.Майлин), Судыр Ахмет (Ә.Нұрпейісов); Төдорқ, Диана, Фабьо (Лопе де Вега), Гамлет, Отелло (У.Шекспир); Онегин («Евгений Онегин»), Печорин («Герой нашего времени»), Раскольников («Преступление и наказание»), Базаров («Отцы и дети»), Остап Бендер («12 стульев»);

Сонымен бірге, қазақ лингвомәдениеттік қоғамдастықта конфессионалдық есімдер жиі кездеседі. Бұл есімдерді Г.Б.Мәдиева әмбебап, фреквентальды және ұлттық деп бөледі. Әмбебап конфессионалдық

прецеденттік есімдер көбіне мәлім (Аллаһ, Бог, Иссус, Мария). Фреквентальды конфессионалдық прецеденттік есімдер түрлі этностағы мұсылман қоғамдастығына тән (Мұхаммед, Пайғамбар, Мекке, Медина). Ұлттық конфессионалдық прецеденттік есімдер белгілі бір этносқа жататын қасиетті жерлердің және әулие адамдардың есімдерімен байланысты (қаз. Арыстанбаб, Айша биби, Домалақ ана)

Прецеденттік есімдер мәтінде не жағдайлық реминисценцияда маңызды болып келеді: Анадды Меккеге үш рет арқалап барсаң да, қарызыңнан құтыла алмайсың; Сұрай-сұрай Меккені де табады; Айша бибі елім-ай, Әулие ата жерім-ай (халық әні).

Прецеденттік есімдердің ішінде фреквентальды топты ерекше айтуға болады. Бұл топтың пайда болуы әр түрлі мәдениеттердің, тілдік жағдайлардың (екі тілді, поли тілді), түрлі халықтың бір территорияда тұруымен байланысты (мысалы, қазақ пен орыс халқы). Қазақ мәдениетіне орыс персонажы Остап Бендер алдамшы жолмен адамдардан ақшаны алатын «ұлы комбинатор» ретінде танымал: «Таяуда Орал қаласында бірнеше ай бойы қала тұрғындарын алдап, талайды сан соқтырып жүрген Остап Бендердің бір туысы қарызға түсті» (ЕҚ, 16.02.2001). Плюшкин есімі өте сараң, тойымсыз, пайдакүнем адамды елестетеді: «Плюшкины жили, и будут жить» (телеканал НТК, Новости, 25.12.2004).

Ал Абай есімі қазақ халқының мәдениетімен таныс басқа ұлт өкілдеріне бірден ұғымды: «Всяк побывавший в родном селе рыцарь пера нынче чувствует себя прямым потомком Абая» («Караван», 19.04.2002).

Тағы бір айта кететін жайт, уақытша аталған атаулардың мәні жоқ, тек елулі әлеуметтік оқиғамен байланысты атауларды халық қабылдайды. Әлеуметтік оқиғаға және сол оқиғадағы тарихи тұлғаларына байланыстыра кісі есімдері қойылады. Мысалы, Шынғысхан, Мәліс, Жеңіс, Совет, Майдан, Батыр, Жәнібек, Октябрина, Сталина, Люция т.б.

Профессор Е. Жұбанов қазақ ертегілеріндегі прецеденттік антропонимдерді дәстүрлі атауыштық формулалар деп атап, солардың ішінен кісі аттарына қатыстыларын дәстүрлі атауыш формулалар деп жіктейді. Мұндай үлгілер, зергітеуші атап көрсеткендей, басқа да халықтардың ертегілерінде кездеседі: Василиса Прекрасная, Елена Премудрая, Кощей Бессмертный, Марья Моревна, Емеля-дурак, Иванушка-дурачок т.б.

Ал қазақ ертегілеріндегі кісі аттары өзінің мәдени-танымдық қызметіне байланысты күрделілігімен ерекшеленеді: Шойын Құлақ, Ер Төстік, Керқұла атты Кендебай, Күн астындағы Күнікей қыз, Алдар көсе т.б. Сонымен бірге эпостық жырларда кездесетін Қара қыпшақ Қобыланды, Қамбар батыр, Қозы Көрпеш-Баян сұлу, Қыз Жібек, Еңлік-Кебек т.б. этнотанымдық ерекшеліктің көріністері.

Сонымен, осындай прецеденттік есімдердің, яғни тарихи тұлғалардың, мифтік бейнелердің аттарында ұлттық болмыс пен мәдениет сақталған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мадиева Г.Б. Теория и практика ономастики. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 28-29 б.
2. Жанұзақов. Т.Ж. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1988. - 140 б.
3. Гудков Д.Б. Прецедентное имя и проблемы прецедентности: Научная монография. - М.: МГУ, 1996. - 152 с.

Резюме

В данной статье проанализировали сходства и различия прецедентных имен в разных лингвокультурах и сделали вывод, что данные лингвокультуры взаимосвязаны друг с другом.

Resume

The article analyzed the similarities and the differences precedent names in different linguistic cultures and concluded that the data linguoculture interconnected with each other.

УДК 81.373.2

ЕЩЕ РАЗ О ТОПОНИМЕ КАЗАЛЫ**Н.А. Прманова**

*Академия государственного управления при Президенте
Республики Казахстан*

Любая топонимическая система испытывает воздействие времени, социально-исторических, культурных факторов, прямо или косвенно отражающихся в них. Поэтому при выявлении, исследовании и этимологизации отдельных топонимов необходимо учитывать не только лингвистические, но и экстралингвистические факторы.

На современной карте Кызылординской области Казахстана, территория которой охватывает нижнее течение реки Сырдарьи и побережье Аральского моря, указан населенный пункт Казалы (русский вариант - Казалинск). Ойконим Казалы по свидетельствам русских источников, оставшихся со времен создания оборонительных укреплений русскими войсками в период борьбы с кокандскими ханами за установление господства в этом регионе, восходит к названию реки Казалы. В 1853 году близ истока реки Казалы был основан форт № 1 Казалы, а в 1867 году при учреждении Туркестанского генерал-губернаторства форт Казалы был переименован в город Казалинск.